

«Бекітемін»  
Қарқаралы қаласы  
академик Орынбек Жәутіков атындағы  
№1 жалпы білім беретін мектеп директорының у.м.а  
Б.Е.Қанафина



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің  
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен  
2023-2024 оқу жылына арналған  
«Қарқаралы қаласы академик Орынбек Жәутіков атындағы  
№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*****Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;

- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

#### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

#### ***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады:*

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

#### ***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### **Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)**

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

### **Жастар тәрбиесі (15-18 жас)**

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

### **Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

### **Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

**Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу

*Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.*

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі; Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі; Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі; Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі; Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

Қазақстан халқы Ассамблеясы Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

### **ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы**

- ✓ *1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары*
- ✓ *5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар*
- ✓ *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл*
- ✓ *Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						

1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	МАД 1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Тәрбие сағатының жоспары Анықтама	Ардагер ұстаздар	ДТЖЖО, Сынып жетекші
2	<b>5 қыркүйек</b> – Ахмет Байтұрсын күні «Толық адам» Абай ілімі («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекшілері
3	Сыныптың және мектептің әлеуметтік паспортын құру <i>1-11 сыныптар</i>	МАД, 1- 11 сыныптар	Біріңғай ақпарат базасы	жазбаша және электронды есеп		әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
4	Сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу сауалнама	1-11 сыныптар	Сауалнама	Анықтама		Педагог-психолог
5	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау;	5-11	Хаттама	04.09 – 09.09.23		ДТЖО Сынып жетекші Әлеуметтік педагог
6	«Толық адам» ілімі Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының хаттамасы		Сынып жетекші
7	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» (реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар 5-8	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Ішкі істер министрлігі, <i>жол полициясы</i>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
8	«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жоспарын жасау	1 -11 сыныптар	жоспар			ДТЖЖО

9	Психолог сағаты ➤ «Қарым – қатынас әліппесі» 1-2 сынып ➤ «Көңіл – күйімізді басқара білейік» 3-4 сынып ➤ «Менің сыныбым – менің ұжымым» 5-6 сынып ➤ «Қарым – қатынас мәдениеті» 7-8 сынып ➤ «Мінез – адам көрсеткіші» 9-10 сынып ➤ «жетістікке жетудің жолдары» 11 сынып	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Мектеп психолгі Сынып жетекшілері
10	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	9 – 11 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекші
11	«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» «Оқуға құуштар мектеп» жобасы	1 – 4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекші
12	Экологиялық күн	5-11 сыныптар	сенбілік	Анықтама		Сынып жетекші Педагог-ұйымдастырушы
13	24 қыркүйек «Еңбек күні» «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» іс-шара «Отбасындағы оқушының еңбек міндеттері» (Еңбегі адал жас өрен)	1 – 11 сынып	Сынып сағаты	Іс – шара жоспары		Технология пәні мұғалімдер, сынып жетекшілері Проферентатор

	<i>1-11 сыныптар</i>					
<b>14</b>	Білім беру ұйымдарының (мектепке дейінгі, орта, техникалық) қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ «Тіл-ұлттық рухани негізі»</li> <li>✓ «Мемлекеттік тіл-менің тілім»</li> <li>✓ А.Байтұрсынұлы- ұлт жаңашыры</li> <li>✓ А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша</li> </ul>	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты Репортаж Сауаттылық күні Челлендж	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	Тілдер дамыту орталығы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші Қазақ тіл-әдебиет пән бірлестігі
<b>15</b>	Мектеп парламентті жоспарын бекіту( <i>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы</i> )	Парламент мүшелері	жоспар	Хаттама №1		Мектеп тәлімгері
<b>16</b>	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл ( <i>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы</i> )	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекшілер
<b>17</b>	<b>Дене сергіту-челлендж.</b> ( <i>Ұлттық мектеп лигасы</i> ) ( <i>9 айға – тоғыз іс - шара</i> ) 1-4 сыныптар	1-11 сыныптар	Челлендж	Әлеуметтік желіге жариялау		ДТЖЖО Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері
<b>18</b>	«Электронды	9 – 10	дебат	Әлеуметтік		Дебат



	темекі туралы аңыз бен шындық» метепішілік пікірталас	сынып		желіге жариялау		жетекшісі
19	Ата аналар жиналысы Мектепішілік, сыныптық	1-11 сынып	Ата-аналар жиналысы	әлеуметтік желілердегі жарияланымдар хаттама		ДТІЖО педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып

### ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165

жыл

- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130

жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Анықтама	Мектеп кітапханасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші

	#Bilim_quni хэштегі					
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынның сағағтыны ң жоспары		Директорды ң тәрбие ісі жөніндегі орынбасары , Сынып жетекші
3	Ұстазыма алғыс! Дублер күні мерекелік концерт.	9 – 11 сынып білім аулшылары	Дублер күні	Әлеуметті к желіге жариялау		ДТЖЖО Тәлімгер
4	ЖЖЕ «Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда»	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты			Сынып жетекшілері
5	Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаз-ұлы тұлға» Тәрбие сағатына зейнеткер ұстаздарды құрметтеп шақыру, Дублер күні, мерекелік концерттік бағдарлама	1-11	Сыныптан тыс іс-шара	Әлеуметті к желіге жариялау		Мектеп тәлімгері
6	«Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» ІІБ-ның қызметкерлері кездесу	8-11	кездесу	Жоспарға сәйкес Әлеуметті к желіге жариялау	Полиция бөлімі	ДТЖЖО
7	«Беркелі, мерекелі күз келді»- Алтын күз шараларын ұйымдастыру	1-4 5-7 8-11	Тәрбие сағаты	Әлеуметті к желіге жариялау		Мектеп тәлімгері Сынып жетекшісі
8	«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында Республика күні : <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Гимнді орындау»</li> <li>• «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарына қабылдау</li> <li>• Тәрбие сағаттары</li> <li>• Көрме</li> <li>• Сурет байқауы</li> </ul> <i>(Жеткіншектің жеті жарғысы)</i>	1 -11 сыныптар	Челлендж	Әлеуметті к желіге жариялау		Мектеп тәлімгері Педагог ұйымдастырушы Сынып жетекшілері
9	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Әділет министрлігі	Сынып жетекшісі
10	Құқық бұзушылықтың алдын алу «Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай	5-8 сыныптар	дебат		АІБ бірге	Дебат жетекшісі

	жасауға болады?»					
11	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыбында кездесулер.Зиянды тамақтар Тамақтану мәдениетінің ережелері Дастархан басындағы әдеп	8-11	кездесу	Әлеуметтік желіге жариялау	Аудандық аурухана қызметкерлері АПБ	Медбике Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог
12	«Менің бизнес идеяларым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара командалық жұмыстар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі		Проферента тор Ж.Е.Күзембаев
13	«Әкем айтқан нақыл сөз...»	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара Ұлдар жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі		ДТЖЖО Сынып жетекші, ұлдар кеңесінің жетекшісі
14	11 қазан халықаралық «Қыздар күніне» орай жоспар жасап, бекіту; <ul style="list-style-type: none"> <li>«Қыз қылығымен сүйкімді» қыздар клубының отырысы.</li> <li>Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алуда түсіндірме жұмыстары</li> </ul>	5-11	Жоспарға сәйкес	Қыздар кеңесі Анықтама		Қыздар жетекшісі Сынып жетекшісі
15	Жолда жүру ережелері «Қауіпсіз мектеп» акциясы «Бағдаршам әліппесі» «Қауіпсіз терезе» Абайлаңыз, балақай! «Мен және менің инспекторым» «Әлеуметтік желідегі қауіпсіз әлем» «Буллинг және оның алдын алу» «Буллинг – оқушы, қамқор ата-ана» «Өрт қауіпсіздігі» «Буллинг құрбаны - жасөспірімдер»	1-сыныптар 2-сыныптар 3-сыныптар 4-сыныптар 5-сыныптар 6-сыныптар 7-сыныптар 8-сыныптар 9-сыныптар 10-сыныптар	тәрбие сағаты	Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау		Сынып жетекшілер

	«Суицид - қоғамдағы ірі прблемалардың бірі...»					
16	Өрт қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. (Жеткіншектің жеті жарғысы)	1 – 11 сыныптар	Саптық жиын	Анықтама Әлеуметті кжеліге жариялау		АӘД пән мұғалімі
17	Буллинг, кибербуллинг және интернетке тәуелділікке қарсымыз (Жеткіншектің жеті жарғысы)	5-7	Дөңгелек үстел	Анықтама		Әлеуметтік педагог, педагог - психолог
18	«Дабыл» сигналындағы іс – әрекет. эвакуация жаттығуы	1 -11 сынып	Эвакуациялық жаттығу	әлеуметтік желілердегі жариялау		АӘТД мұғалімі, 10 сынып оқушылары
19	<p>➤ Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл</p> <p>➤ Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл</p> <p>Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл</p> <p>➤ Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл</p> <p>Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл</p> <p>➤ Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ</p>	1-11 сынып	<p>Поэзия кеші</p> <p>Дөңгелек үстел</p> <p>Конференция</p>			Тәлімгер Сынып жетекшілер

	<p>ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл</p> <p>Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл</p>					
20	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, Ата-аналар жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарий, хаттама	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі	
21	Адалдық сағаты. Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ! суреттер көрмесі. <i>(Жеткіншектің жеті жарғысы)</i>	5-7 сыныптар				Тәлімгер
22	Қауіпсіз каникул. <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Жоспар</i></li> <li>• <i>Құқықтық оқу ата-аналар</i></li> </ul> <p><i>(Жеткіншектің жеті жарғысы) жобасы)</i></p>	1-11	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы			Сынып жетекшілер

### ҚАРАША – Поэзия айы

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекші
2	Адалдық сағаты. Ар – ұят және жауапкершілік Біздің қоғамдағы әділеттілік. (Жеткіншектің жеті жарғысы) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар  5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекші
3	Құқық бұзушылықтың алдын алу Мектеп оқушыларды мейірімді болуға шақыру (насихаттау, үгіттеу жұмыстары)	5-11 сыныптар	Үйлестірме қағаздарын жасап тарату	Әлеуметтік желіге жариялау		Мектеп парламенті
4	15 қараша Теңге – ұлттық валюта күніне сынып сағаттары. Қаржылық сауаттылық (Жеткіншектің жеті жарғысы)	5-9 сынып	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау		ДТЖЖО Сынып жетекшісі
5	Адам өмірінің қауіпсіздігінің алдын алу: Терроризмге қарсы күрес.	10 -11	Дөңгелек үстел			АӘД
6	«Тоғыз айға –тоғыс іс-шара», «Төрт тоқсанға төрт өнер» жобалар аясында Асық ату,	5-7 сыныптар	челлендж	Әлеуметтік желіге жариялау	Білім алушылар, педагогтер, ата-аналар,	Дене тәрбиесі пән мұғалімдері
7	«20 қараша- Бала құқығы туралы Конвенция күні»	1-11 сыныптар	Жоспарға сәйкес	Әлеуметтік желіге жариялау	Полиция бөлімі	Сынып жетекші
8	Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ЖИТС – ке қарсы күрес күні ұлттық мүдде, талап	8-11 сыныптар	кездесу	Әлеуметтік желіге жариялау	Аудандық аурухана қызметкерлері	ДТЖЖО Салауатты өмір жетекшісі

**ЖЕЛТОҚСАН – «Қазақстан - Ұлы дала елі»**

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
2	«Тоғыз айға –тоғыс іс-шара» Шығарма жазу «Болашаққа хат» - «Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім» - «Менің болашағым» - «Менің елім үшін болашағым» - «Еліммен бірге болашаққа апарар жол»	1-11 сыныптар	челлендж	Әлеуметтік желіге жариялау Хэштэгті белгілеу		Тіл мамандары
3	Діни экстремизімнің алдын алу бойынша Мектеп парламенті өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	9-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Анықтама		Дінтану пән мұғалімі
4	16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Көк тудың желбірегені» апталық («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-11 сыныптар	Жоспарға сәйкес	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі		ДТЖЖО СЖ Тәлімгер Дене тәрбиесі пән мұғалімдері Технологи пән мұғ. Кітапханашы
5	Психолог сағаты; ➤ «Менің достарым» 1 – 2	1 – 11 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіге		Мектеп психолгі

	<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ сынып «Дос болық, бәріміз!» 3 – 4 сынып</li> <li>➤ «Жақсы сөз – жанға қуат» 5 – 6 сынып</li> <li>➤ «Сенде бір кірпіш дүниеге» 7 – 8 сынып</li> <li>➤ «Адами қарым - қатынас» 9-10 сынып</li> <li>➤ «Өзін бағалау» 11 сынып</li> </ul>			жариялау		Сынып жетекші
6	Жаңа жылдық шырша , («Еңбегі адал жас өрен) Ертеңгілік, құттықтау плакаттары карновал, шоубағдарлама,би,бөлек жоспар	МАД, 1-11 сыныптар	Ертеңгілік Жоспарға сәйкес	Әлеуметтік желіге жариялау		ДТЖЖО Тәлімгер
7	24 желтоқсан – халық батыры Бауыржан Момышұлы «Таным.Тағылым.Тәрбие»	5 -11 сыныптар	Саптық жиын	Әлеуметтік желіге жариялау		ДТЖЖО Мектеп тәлімгері
8	Қысқы каникул қауіпсіздігі <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сынып жиналысы</li> <li>• Ата-аналар жиналысы</li> <li>• Құқықтық оқу</li> </ul>	1 -11 сыныптар	Ата - аналар жиналысы	Әлеуметтік желіге қысқы қауіпсіздік туралы жариялау		ДТЖЖО Сынып жетекші

**ҚАҢТАР айы – ҰЛТТЫҚ КОД айы**

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	Жолда жүру ережелері 1-8 сынып сағаттары, кездесу. <i>(Жеткіншектің жеті жарғысы)</i>	1-8 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау		Сынып жетекші
2	«Мен оқыған бір ертегі» <i>(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		ДТЖЖО Сынып жетекші
3	«Парасаттылық туралы» <i>(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)</i>	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Анықтама		Сынып жетекші
4	«Тоғыз айға –тоғыс іс-	1-11	челлендж	Әлеуметтік желіге		Математика



	шара» «Қазақ есебі» А. Жұмаділдаевтың есебін шығару	сыныптар		жариялау		пән мұғалімдері
6	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру		ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Педагог-психолог
7	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	галерея	Анықтама	Білім беру ұйымдары	Проферентатор
8	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
9	Адалдық сағаты «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» (Жеткіншектің жеті жарғысы) 5-11 сынып	5 -9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	анықтама		ДТЖЖО
10	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	1-6 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі		ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
11	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	7-11 сыныптар	Ағаш өнімдерінен көрме	Анықтама	Әкелердің қатысуымен	Технология пән мұғалімі Ұлдар жетекшісі
12	Белгілі спортшылардың, оның ішінде Паралимпиада ойындарына қатысушылардың қатысуымен СӨС қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы бейнематериалдар әзірлеу	5-11 сыныптар	Кеңестер өткізу	Бейнематериалдар жасау	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР Денсаулық

						сақтау министрлігінің жергілікті органдарының сертификатталған мамандары
13	Психолог сағаты <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Көңіл күй шаттығы» 1 – 2 сыныптар</li> <li>➤ «Жақсылық жасай білейік» 5 – 6 сыныптар</li> </ul>	1 -2, 5 – 6 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау		Сынып жетекшісі Педагог-психолог

### АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

- 2 ақпан Ұлттық баспа күні
- 15 ақпан -Ұлттық тарих күні. Е.Бекмаханның туған күні
- 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні
- 27 ақпан –«Салт дәстүр күні»

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Оқуға құштар мектеп»)	1-4 сыныптар	Мақал-мәтел, жаңылтпаштар, жұмбақ айту	Анықтама	Тілдер дамыту орталығы	Кітапханашы Сынып жетекші
2	«Тоғыз айға –тоғыз іс-шара» Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сүйікті кітабым»	1-7 сыныптар	көрме	Анықтама	Балалар кітапханасы	Кітапханашы
3	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-11 сыныптар	сабақтар	Анықтама		Информатика пән мұғалімдері
4	15 ақпан - Ауғанстаннан әскерлерді шығару күні («Ұрпаққа аманат» жобасы)	Метеп парламенті	Сыныптан тыс іс-шара	Әлеуметтік желіге жариялау	Ауған әскерінің ардагерлері	ДТЖЖО Мектеп тәлімгері
5	Діни экстремизімнің	9 -11	Әңгіме	Анықтама		Дінтану пән

	алдын алуда	сыныптар	сағаты			мұғалімі
6	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының әзірлемесі	ПБ	Сынып жетекші
7	«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Кездесу	Анықтама Әзірleme	Мамандық иелері	Профферента тор
8	Психолог сағаты ➤ «Менің арным» 3 – 4 сыныптар ➤ «Мақсат – жетістік желкені» 7 – 8 сыныптар	3-4, 7-8 сыныптар	Сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау		Сынып жетекшісі Педагог-психолог

### НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	1 наурыз. Алғыс айту!	1-11 сыныптар	Жоспарға сәйкес анықтама	Әлеуметтік желіге жариялау		Тәлімгер Сынып жетекші Тіл мамандары Технология пән мұғалімдері
2	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» (Мейірім аналар мектебі» жобасы)	8-10 сыныптар	Мерекелік шара Тәрбие сағаты Анықтама	Әлеуметтік желіге жариялау		Тәлімгер СЖ Технология пән мұғалімдері Қыздар жетекшісі
3	«Адал ұрпақ» Қайырымдылық жәрмеңкесі. Көмек көрсету (Жеткіншектің жеті жарғысы)	10 сынып	жәрменке	Анықтама		«Адал ұрпақ» жетекшісі
4	Орта кәсіби және	9-11	Жоспарға	Анық тама	Жоғарғы оқу	Профферента

	жоғары оқу орындарымен кездесу ұлттық мүдде, талап («Еңбегі адал жас өрен»)	сыныптар	сәйкес		орындары	тор
5	«Дабыл» сигналындағы іс – әрекет эвакуация жаттығуы	1-11 сыныптар <i>мектеп ұжымы</i>	эвакуация	Анықтама	Төтенше жағдай қызметкерлері	АӘД пән мұғалімі
6	«Тоғыз айға –тоғыс іс-шара» «Домбырашылар» Сарыарқа, Балбырауын, Адай күйлері			челлендж		
7	Жолда жүру ережелері ( <i>Жеткіншектің жеті жарғысы</i> )	1-8 сынып	Сынып сағаты	Анықтама		Сынып жетекші
8	«Ұлыстың ұлы күні-Өз наурыз» <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Төрт тоқсан төрт өнер» жоба аясында ұлттық өнер көрмесі</li> <li>• Мерекелік шара</li> <li>• Ұлттық ойындар</li> <li>• Салт дәстүр, әдет-ғұрыптар</li> </ul>	1-11	Жоспарға сәйкес	әзірleme, анықтама		ДТЖЖО Тәлімгер СЖ Технология пән мұғалімдері Дене шынықтыру пән мұғалімдері
9	«Құқықтық мәдениеттілік және оның маңызы» ( <i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы</i> )	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	әзірleme, анықтама		Сынып жетекші
10	«Таза өзен» акциясы Мектеп парламенті	8-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Анықтама	Жастар орталығы	Тәлімгер Педагог ұйымдастырушы СЖ
11	14 наурыз-Көрісу күні. Амал мерекесі. (Еңбегі адал жас өрен) жобасы)	1-11 сыныптар	Ата - аналармен бірлесе сыныптан тыс іс-шара	Анықтама		Сынып жетекшілер
12	Көктемгі демалыс қауіпсіздігі <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ата-аналар жиналысы</li> <li>• Сынып жиналысы</li> <li>• Құқықтық оқу</li> <li>• ЖЖЕ</li> <li>• АӨҚ</li> </ul>	1-11	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы	Хаттама		Сынып жетекшілер

**СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

- 1 сәуір Қазақ өнері күні Нұрғиса Тілендиевтің туған күні
- 7 сәуір -Қазақ спорт күні Қажымұқан Мұнайтпасов туған күніне
- 12 сәуір - Ғылым күні
- 24 сәуір - Ұлт қайраткерлері күні. Х.Досмухамедтің туған күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
1	1 сәуір Қазақ өнері күні Нұрғиса Тілендиевтің туған күніне орай. «Домбыра Party» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1 – 11 сыныптар	Сынып сағаты	Анықтама, әлеуметтік желіге салу		Сынып жетекшілері
2	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		Сынып жетекші
3	«Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» Қыздар жиналысы	10-11 сыныптар	Сыр-сұхбат	Анықтама		ДТЖЖО Қыздар жетекшісі Сынып жетекшісі
4	Құқық бұзушылықтың алдын алу «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» (Жеткіншектің жеті жарғысы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Анықтама		Сынып жетекші
5	12 сәуір ғарышкерлер күні	1-7 сыныптар	Тәрбие сағаты	Анықтама		Сынып жетекші Физика пән мұғалімі
6	«Тоғыз айға –тоғыс іс-шара» «Шахмат»	1 – 11 сыныптар	Челлендж	Анықтама		Дене тәрбиесі пән мұғалімі
7	Құстарға қайырымдылық («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	9 сынып	акция	анықтама	«Ұлттық табиғат паркі»	Мектеп тәлімгері
8	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	8-11 сыныптар	көрме	Анықтама		Технология пән мұғалімдері Прферентатор
9	«Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және	8-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Жастарға кәсіби бағдар беру кездесулерін өткізу		Проферентатор

	кәсіби бағыттау мақсатында кездесулер					
<b>10</b>	«Мұражайға саяхат» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Анықтама	экскурсовод	Сынып жетекшілер

### МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>						
<b>1</b>	«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	8-11 сыныптар	тренинг	Анықтама	АББ	Психолог
<b>2</b>	«Ұлттар достастығы» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 8-11	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
<b>3</b>	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының әзірлемесі Анықтама		Сынып жетекші
<b>4</b>	9 мамыр Жеңіс күні («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Жоспарға сәйкес	Анықтама		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші АӘД пән мұғалімі Тәлімгер Дене тәрбиесі пән мұғалімдері
<b>5</b>	«Тоғыз айға –тоғыз іс-шара» «Жасыл мекен» көшет отырғызу	1 – 11 сыныптар	челленд ж	Әлеуметтік желіге жариялау	Мұғалім, ата-ана, оқушы	Педагог-ұйымдастырушы Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілері
<b>6</b>	«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі		Кітапханашылар
<b>7</b>	Әскери-патриоттық оқу-дала жиыны	11 сынып	Дала жиыны	Сынып сағатының	ҚР Қорғаныс	Директордың тәрбие ісі

				жоспары	министрлігі	жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, Қорғаныс министрлігінің жергілікті өкілдері, сертификатталған тренерлер
<b>8</b>	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Ата-аналар	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	ҚР Оқу-ағарту министрлігі не қарасты білім беру ұйымдары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
<b>9</b>	25 мамыр соңғы қоңырау					
<b>10</b>	31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу( 8-10)					
	4 маусым – мемлекеттік рәміздер күні. Рәміздерім – мақтанышым! сыныптан тыс іс шара					
<b>11</b>	Жазғы демалыс қауіпсіздігінің алдын алу <ul style="list-style-type: none"> <li>• ЖЖЕ</li> <li>• АӨҚ</li> <li>• Тұрмыстық зорлық-зомбылық</li> <li>• Құқық бұзушылықтың алдын алу</li> <li>• Жыныстық тиіспеушілік</li> <li>• Мектеп формасы</li> </ul>	1-11	Сынып жиналысы Ата-аналар жиналысы			ДТЖЖО Сынып жетекші ПП ӘП АӘД пән мұғалімі Ата-аналар комитет төрайымы